

**"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ
жанындағы 8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтерді даярлау
мамандығы 8D01550/(6D011300) – «Биология» кадрларды даярлау бағыты
бойынша**

Диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жұмысы туралы есеп

1. Өткізілген отырыстар саны - 4 (төрт), оның ішінде 1 (бір) қорғау бойынша отырыс, 3 (үш) ұйымдастыру бойынша отырыс.
2. Отырыстардың кемінде жартысына қатысқан диссертациялық кеңестің (ДС) мүшелері -1 (бір) (диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, "Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ Жаратылыстану жоғары мектебінің профессоры Хамзина Шолпан Шапиевнаның мерзімінен бұрын қайтыс болуына байланысты оның отырысқа қатысуы мүмкін болмады). Кворумды қамтамасыз ету және шешімдердің заңды күшін сақтау мақсатында, Диссертациялық кеңес туралы Үлгілік ережеге (ҚР ҒЖБМ №126 бұйрығы, 11-тармақ) сәйкес, диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі ретінде педагогика ғылымдарының кандидаты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Педагогика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры Сатынская Айслу Қабылмажитқызының кандидатурасы енгізілді (2025 жылғы 08 қазандағы №576 нк бұйрық; 2025 жылғы 30 қыркүйектегі Ғылыми кеңес шешімі, №1 хаттама).
3. Оқыту ұйымын көрсете отырып докторанттар тізімі (кесте):

№	ТАӘ	Оқу орны	Шифры, мамандық	Қорғау күні/ диссертацияны пысықтауды (ескертулерді жоюды) талқылау күні	Комитеттің шешімі, бұйрықтың №, күні
1	Клименко Михаил Юрьевич	«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ	«8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтерді даярлау» (мамандығы – «8D01550 – Биология»)	26.12.2024/ 10.07.2025	2025 жылғы 19 қарашадағы №2058 «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы» бұйрық

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

«8D01550 – Биология» мамандығы бойынша «Использование современных биоиндикационных методов изучения древесных и кустарниковых растений как средство развития исследовательской деятельности будущих учителей биологии» тақырыбындағы Клименко Михаил Юрьевичтің диссертациялық жұмысы:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау:

Клименко Михаил Юрьевичтің «8D01550 – Биология» мамандығы бойынша «Использование современных биоиндикационных методов изучения древесных и кустарниковых растений как средство развития исследовательской деятельности будущих

учителей биологии»» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы болашақ педагогтарды білім алушылармен зерттеу жұмысын ұйымдастыруға және жүргізуге даярлау жүйесін жетілдіру тұрғысынан өзекті болып табылады және педагогикалық білім беру жүйесіне қойылатын қазіргі заманғы талаптарға толық сәйкес келеді.

Биоиндикациялық тәсілдерді білім беру үдерісіне енгізу білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, сыни ойлауын дамытуға және экологиялық жауапкершілікті саналы түрде түсінуіне ықпал етеді, бұл жаһандық экологиялық мәселелердің күшеюі жағдайында ерекше маңызға ие. Өсімдіктердің морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге негізделген биоиндикациялық әдістерді қолдану оқу үдерісіне практикалық бағыттылық береді, оның көрнекілігін арттырады және пәнаралық интеграцияны қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс экологиялық білім беру саласында болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби даярлығының сапасын арттыруға және заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізуге бағытталған.

2) диссертациялар тақырыптарының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы

Диссертациялық жұмыс ҚР ҒЖБМ ҒК қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ) аясында "Гранттық жоба бойынша жас ғалымдарды қаржыландыру "Жас ғалым"2023-2025 жылдарға арналған" "Жоғары оқу орындарындағы биологиялық пәндер сабақтарында аймақтық компонентті қолдану мақсатында өзіндік авторлық педагогикалық технологияларды дамыту" тақырыбындағы жоба бойынша (2023-2025, № АР19174840) орындалды.

Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Диссертация Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалды. Ізденуші зерттеу барысында сондай-ақ нормативтік құжаттарды басшылыққа алды: "Педагог" кәсіптік стандарты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы.

Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді:

- Білім және ғылым саласындағы зерттеулер;
- жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау:

Зерттеу барысында алынған нәтижелер өзекті мәселені шешуге және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолданудың жоғары ықтималдығына бағытталған:

- қазақстандық педагогика үшін оқу процесіне, ЖОО-ның педагогикалық практикасына енгізілген және басқа оқу ұйымдарында (Мектеп, колледж) пайдаланылуы мүмкін дидактикалық оқу-әдістемелік материалдарды пайдалана отырып, өзіндік авторлық әдістемелер ұсынылған;

- материалдарда аймақтың (Павлодар облысы) табиғатын зерттеу бойынша егжей-тегжейлі мәліметтер, сондай-ақ дидактикалық құралдар ретінде авторлық әдістемелер бойынша жергілікті табиғаттың демонстрациялық объектілерін өз бетінше жасау тәсілдері баяндалған:

-білім беру үдерісіне «Междисциплинарный практикум по ботанике с элементами экологии, эволюции и генетики растений» и «Полевая практика: подготовка, проведение, хранение материала, контроль знаний». "Полученные результаты применения биоиндикационных методов для изучения местных древесных и кустарниковых растений могут быть

использованы для совершенствования исследовательских компетенций обучающихся и развития методологии экологического развития» атты оқу-әдістемелік құралдар енгізілді. Жергілікті ағашты және бұталы өсімдіктерді зерттеу барысында биоиндикациялық әдістерді қолдану нәтижесінде алынған қорытындылар білім алушылардың зерттеушілік қызығарылыстарын жетілдіруге және экологиялық даму әдіснамасын дамытуға пайдаланылуы мүмкін.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (ең сапасыз пікірлердің мысалдарымен).

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттердің бір-бірінен тәуелсіздігі, сондай-ақ олардың ізденушінің ғылыми кеңесшілерінен тәуелсіз болуы қағидатын басшылыққа алды. Тағайындалған рецензенттер мүдделер қақтығысында болған жоқ және диссертациялық зерттеуге объективті сараптама жүргізу үшін қажетті ғылыми біліктілікке ие болды. Жұмыс барысында рецензенттер қолданыстағы нормативтік және ғылыми-әдістемелік талаптарға негізделген ізденушінің диссертациялық жұмысына жан-жақты аналитикалық бағалау жүргізді. Диссертациялық зерттеудің жетілдірілген нұсқасында рецензенттер ұсынымдарды дұрыс, дәлелді және сындарлы түрде тұжырымдап, бұл жұмыстың ғылыми деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал етті.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстар бойынша сарапшылар құрамын қалыптастыру кезінде оқыту әдістемесі саласындағы мамандарды әдіснамалық даярлығы бар биолог-сарапшылармен ұштастыра отырып іріктеу ұсынылады. Бұл диссертациялық зерттеулерді жан-жақты талдауға, пәнаралық тәсілді жүзеге асыруға және ғылыми негізделген бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD) дәрежесін, профильдік докторлық дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстар саны, кадрларды даярлау бағыттары бойынша:

- 1) Қорғауға қабылданған диссертациялық жұмыстар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;
- 2) Қараудан алынып тасталған диссертациялық жұмыстар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;
- 3) Рецензенттердің теріс пікірі алынған диссертациялық жұмыстар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;
- 4) Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешім шығарылған диссертациялық жұмыстар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;
- 5) Жетілдіруге жіберілген диссертациялық жұмыстар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 1;
- 6) Қайта қорғауға жіберілген диссертациялық жұмыстар (соның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ.

Ескерту:

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасының 2023 жылғы 29 наурыздағы №141 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық кеңестің қызмет мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Жумабекова Б.К.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Кабиева С.Ж.

Мерзімі: 2025 жылы «19» желтоқсан

